

# fifine

## К690 микрофоны

### Пайдаланушы нұсқаулығы



# Құрметті сатып алушы!

Бізді таңдағаныңызға алғыс білдіреміз! Біз сапа, функционалдылық және дизайнның жоғары талаптарына сай әзірленген және жасап шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынамыз. Пайдалану алдында осы нұсқауды мұқият оқып шығыңыз, ол қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат және сонымен қоса өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтиды. Осы нұсқаулықтың сақталуын қадағалаңыз және бұйымды одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғыны тағайындау

Микрофон — электроакустикалық аспап, ол акустикалық ауытқуларды электрлік сигналға түрлендіреді. Осы құрылғы дыбысты күшейту және түрлі тасығыштарға жазып алуға арналған.


## Сақтық шаралары

- Құрылғыны ылғалдылық деңгейі жоғары бөлмелерде сақтамаңыз, оны экстремалды температура мен кез келген сұйықтықтың әсерінен қорғаңыз.
- Микрофон — өте сезімтал аспап. Оны құлау, соққы және басқа да механикалық зақымнан қорғаңыз.
- Құрылғыны -10 °С - +43 °С қалыпты температурасында сақтаңыз және пайдаланыңыз.

## Комплектация

- Микрофон.
- Реттелетін қойғыш.
- USB кабелі — miniUSB.
- Микрофон бағанына арналған адаптер 5/8" (М) — 3/8 " (F).
- Пайдаланушы нұсқаулығы.


# Құрылғы сызбасы




1. Үш капсюльді модуль.
2. Микрофон сезімталдығының реттегіші.
3. Бағыт түрінің ауыстырып-қосқышы.
4. Микрофон күйінің индикаторы:
  - жасыл түс — микрофон жазып алуға дайын.
  - қызыл түс — дыбыс өшірулі.
5. Дыбысты қосу/өшіру түймесі.
6. Қойғышқа бекіту бұрандалары.
7. Құлаққап дыбыс деңгейінің реттегіші.
8. Компьютерге қосу үшін miniUSB жалғағышы.
9. Микрофон бағанына қосу үшін 3/8" жалғағышы.
10. Құлаққапты қосу үшін Jack 3,5 мм (1/8") жалғағышы.
11. USB кабелі — miniUSB.
12. Бағанға арналған адаптер 5/8" (M) — 3/8" (F).

## Жиілік-амплитудалық сипат


1. «Кардиоидті» режимі бір дыбыс көзінен шығатын хабар тарату үшін жарамды, мысалы радиотрансляция немесе бірнеше пайдаланушы бар компьютерлік ойындар.




2. «Екі бағытты» режимі микрофонның екі жағында орналасқан екі дыбыс көзін (мысалы, сұхбаттасу) жазып алу үшін жарамды.



3. «Барлық бағытты» режимі бірнеше дыбыс көзін (мысалы, конференция) жазып алу үшін жарамды.



4. «Сtereo» режимі жанды музыканы немесе микрофонның алдыңғы жағында орналасқан екі дыбыс көзін жазып алу үшін жарамды.



## Құрылғыны пайдалану

1. Екі бұранда (6) (жиынтыққа кіреді) арқылы микрофонды қойғышқа бекітіңіз.
2. Таңдалған режимге байланысты микрофонды дыбыс көз(дер)іне бұрып, қисаю бұрышын реттеңіз.
3. USB кабелінің (жиынтыққа кіреді) бір ұшын микрофонның тиісті жалғағышына (8), ал басқа ұшын компьютерге қосыңыз.

4. Қажет болса, адаптерді (12) (жиынтыққа кіреді) қолданып микрофонды микрофон бағанына жалғағыш (9) арқылы қосыңыз.
5. Дыбысты қосу түймесін басып, микрофонды қосыңыз (5), жарық индикаторы (4) жасыл түспен жанады.
6. Құлаққапты тиісті жалғағышқа (10) қосыңыз.
7. Микрофонды баптау бөлімінде әдепкі құрылғы ретінде «**Fifine K690**» құрылғысын таңдаңыз.
8. Микрофон арқылы дыбысты жазып алу үшін өзіңіз таңдаған қолданбаны пайдаланыңыз.

## Орын алуы мүмкін мәселелер және олардың шешімі

Мәселе	Шешімі
Компьютер құрылғыны таба алмады.	Компьютерді қайта жүктеп, құрылғыны басқа USB портына жалғаңыз.
Дыбысы жоқ.	Құрылғының дыбысы қосулы, ал микрофонның дыбыс деңгейінің реттегіші минималды дыбыс деңгейі күйінде орналаспағанына көз жеткізіңіз.
Құрылғы табылды, бірақ дыбысы жоқ (Windows 10 үшін).	«Параметрлер» > «Құпиялылық» > «Микрофон» тармағына өтіп, «Қолданбаның микрофонға қол жеткізуіне рұқсат беру» опциясын таңдап (ON), содан кейін компьютерді қайта жүктеңіз.

## Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: K690.
- Капсюль: 14 мм конденсаторлы — 3 дана
- Бағыт түрі. стерео, бір бағытты (кардиоидті), екі бағытты, барлық бағытты.
- Дискреттеу жиілігі: 48 кГц.
- Битрейт: 16 бит.
- Микрофонның жиіліктік ауқымы: 20 Гц — 20 кГц.
- Сезімталдық: -45 дБ ± 3 дБ (1 кГц шамасында).
- Сигнал/шу қатынасы: 65 дБ.
- Дыбыс қысымының макс. деңгейі: 130 дБ.
- Қуат параметрлері: 5 В, 80 мА — 150 мА.

## Кепілдік бойынша қызмет көрсету жұмыстарының шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне және материалдар мен жинақта ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік бойынша қызмет көрсету жұмыстарына пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шарттары орындалған жағдайда кепілдік мерзімі кезінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу және ауыстыру жұмыстары кіреді. Элементтерді жөндеу және ауыстыру жұмыстары өкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

**Қызмет көрсету орталықтарының нақты тізімі келесі мекенжайда орналасқан:**

<http://www.dns-shop.ru/technical-support/>

# Монтаждау, сақтау, тасымалдау, іске асыру және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе қосымша бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны 5°C және 40°C аралығындағы ауа температурасында және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде қаптама ішінде сақтау қажет. Бөлмелерде тот басуға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың буы, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғыны ұқыпты қолдану қажет, оны шаң, кір, соққы, ылғал, өрт және т.б. әсерлерден қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аталмыш бұйымды қоқысты қайта өңдеу нормалары мен ережелеріне сәйкес кәдеге жарату қажет. Аталмыш бұйымның тиісінше кәдеге жаратылуын қамтамасыз ету арқылы сіз қоқыстың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адамның денсаулығына тиюі мүмкін зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды тиімді түрде пайдалануға көмектесесіз. Аталмыш өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығарумен айналысатын кәсіпорындардан алуға болады.
- Құрылғының істен шығуы анықталған жағдайда, өкілеттік сервистік орталыққа дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Чжаоцин Хэцзя Электроникс Ко., Лтд.  
1 қабат, Хуасин Вулэн ғимараты, Вайцзин өнеркәсіптік  
ауылы, Дуаньчжоу 3-ші тас жолы № 6, Чжаоцин, Гуандун  
пров., Қытай.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т  
Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан  
қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12,  
Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Сипаттамаларды, өнім туралы ақпаратты, оның  
комплектациясын және функционалды пайдаланушыны  
алдын ала ескертпей өзгертуге болады. Құрылғының нақты  
интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілген интерфейсден  
өзгеше болуы мүмкін.

Жасалған күні қаптамада көрсетілген.